

«Мемлекеттік аннуитеттік
компания» ӨСК» АҚ

MEMLEKETTİK
ANNUITETTİK KOMPANIA



ГОСУДАРСТВЕННАЯ
АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ

АО «КСЖ «Государственная
аннуитетная компания»

БЕКІТІЛГЕН
«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің
2020 жылғы «27» тамыздағы № 8 шешімі


**«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру
компаниясы» акционерлік қоғамының**
Активтер және пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы
ЕРЕЖЕ

Е МАК 816

Басылым: үшінші

(25.12.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)


Астана қ., 2024 ж.

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	2/17

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	3
2	Кеңестің мақсаттары мен міндеттері	3
3	Кеңес отырысына қатысатын тұлғалар	4
4	Кеңестің қызметі	5
5	Кеңес жұмысының регламенті	8
6	Шешімдерді қабылдау және ресімдеу тәртібі	12
7	Бизнес үдерістің және қабылданатын шешімдердің орындалу тиімділігін бағалау	14
8	Қорытынды ережелер	16
9	Келісу кестесі	17

1. Жалпы ережелер

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	3/17

1. Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңес Директорлар кеңесінің шешімі бойынша құрылған, Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы осы Ережемен (бұдан әрі - Ереже) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығы бар «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі - Қоғам) тұрақты жұмыс істейтін алқалы кеңесші органы болып табылады.

2. Бұл Ереже Кеңестің мәртебесін, қызметін, құрылу тәртібін, өкілеттіктерін, құзыреттілігін, жұмыс тәртібін және оның шешімдерін қалыптастыруды айқындайды.

3. Өз қызметінде активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес (бұдан әрі - Кеңес) осы Ережені, ҚР Азаматтық кодексін, Қоғамның Жарғысын, Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерін, ҚР «Сақтандыру қызметі туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 198 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысын, Директорлар кеңесінің, Басқарманың шешімдерімен Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

2. Кеңестің мақсаттары мен міндеттері.

4. Кеңестің құрылған мақсаты:

1) Қоғамның активтерін қаржы құралдарына инвестициялау, активтердің сақталуын қамтамасыз ету және Қоғамның табыстылығы мен қаржылық орнықтылығының белгіленген деңгейіне қол жеткізу үшін активтер мен пассивтерді тиімді басқару туралы шешімдер қабылдау кезінде инвестициялық саясатты іске асыру;


2) инвестициялық саясатты іске асыру шеңберінде: инвестициялық портфельді басқару, активтердің өтімділігін, қайтарымдылығын, тәуекелдерді төмендетуді, рентабельділікті және капиталдың жеткіліктілігін ескере отырып, оларды әртараптандыру;

3) Қоғамның инвестициялық қызметі саласында тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың барабар жүйелерін қалыптастыру және іске асыру;

4) инвестициялық саясатты қалыптастыру және әзірлеу, кірістілік, мерзімдер және валюта бойынша активтер мен пассивтердің теңгерімді көлемін қалыптастыру мәселелері бойынша АПБД үйлестіру;

5. Кеңестің міндеттері:

1) Қоғамның активтері мен пассивтерін басқаруға байланысты жұмыстарды ұйымдастыру және мәселелерді шешу;

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	4/17

2) Қоғамның бекітілген инвестициялық стратегиясын орындауға байланысты жұмыстарды ұйымдастыру және мәселелерді шешу;

3) Қоғамның капиталының өсуіне, рентабельділігі мен тұрақтылығына қол жеткізу мақсатында тәуекел мен табыстылықтың берілген арақатынасына жауап беретін инвестициялардың оңтайлы портфелін қалыптастыру мақсатында Қоғамның активтері мен пассивтерін басқаруға және тәуекелдерді басқаруға қатысатын бөлімшелердің қызметін үйлестіру;

4) Қоғам активтерін инвестициялау жөнінде шешімдер қабылдау;

5) сақтандыру төлемдерін уақтылы және толық жүзеге асыру үшін, оның ішінде белгіленген лимиттерге сәйкес АПБК қабылдайтын шешімдер шеңберінде өтімділікті қамтамасыз ету;

6) қайтарымдылық, әртараптандыру, табыстылық, өтімділік қағидаттарын ескере отырып, инвестициялық саясатты әзірлеу.

3. Кеңес отырысына қатысатын тұлғалар

6. Кеңес мынадай тұрақты мүшелерден (Қоғамның басшы қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан) тұрады:


- 1) Қоғамның Басқарма төрағасы;
- 2) Заң департаментіне жетекшілік ететін Қоғамның Басқарма мүшесі;
- 3) Активтер мен пассивтерді басқару департаментінің (бұдан әрі – АПБД) директоры;
- 4) Актуарлық есеп айырысу және талдау қызметінің (бұдан әрі – АЕТҚ) басшысы;
- 5) Тәуекелдерді басқару қызметінің (бұдан әрі – ТБК) басшысы.

Осы тармақта көрсетілген Қоғамның қызметкерлері лауазымға тағайындалған күннен бастап аталған лауазымдардағы өкілеттіктері тоқтатылған күнге дейін кеңестің мүшелері болып табылады.

Кеңес төрағасы болмаған жағдайда, Қоғамның бұйрығына сәйкес оның міндетін атқарушы тұлға Кеңес төрағасы болып табылады. Кеңестің қалған мүшелері болмаған жағдайда, Қоғамның лауазымдық нұсқаулығына немесе бұйрығына сәйкес өз міндеттерін атқаратын адамдар Кеңес мүшелері болып табылады. Олардың әрқайсысы сәйкесінше бір дауысқа ие.

7. Кеңес төрағасы отырыстардың хаттамаларын жүргізетін активтер мен міндеттемелерді басқару департаментінің қызметкерлерінен кеңес хатшысын тағайындайды. Кеңес хатшысы болмаған жағдайда оны Кеңес Төрағасы тағайындайтын қоғам қызметкері алмастырады.

8. Кеңестің отырыстарына Кеңестің қарауына шығарылатын мәселелерді ұсыну үшін немесе қажетті мәліметтерді (дауыс беру құқығынсыз) ұсыну үшін қоғамның қызметкерлері шақырылуы мүмкін.

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	5/17

4. Кеңес қызметі

9. Кеңестің құқығы бар:

1) Қоғамның органдарына сұрау салу бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес немесе талдау үшін кезеңдік негізде қабылданған инвестициялық шешімдер мен оларға ұсынымдар беруге;

2) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қағаз немесе электрондық тасымалдағышта алуға;

3) кеңестің мүшелері болып табылмайтын Қоғам қызметкерлерін оның отырыстарына қатысу үшін тартуға;

4) Кеңес қабылдаған шешімдерге сәйкес Қоғамның бөлімшелеріне тапсырмалар беруге;

5) Кеңестің алдына қойылған міндеттерді шешуге бағытталған, оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қоғам органдарына ұсыныстар дайындауға міндетті.

10. Кеңестің құзыретіне мыналар кіреді:

1) Инвестициялық мәмілелерді жүзеге асыру, инвестициялық саясатты түзету туралы мәселелер бойынша шешімдер қабылдау, Қоғамның инвестициялық қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттарды, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды қарау және келісім жасау;

2) Қоғамның Директорлар кеңесіне өткен жылға қатысты активтер көлемінің сақталуы және активтердің өсуі туралы ақпаратты көрсете отырып, қызмет нәтижелері туралы жыл сайынғы есептерді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де есептілікті ұсыну;

3) қайтарымдылық, диверсификация, кірістілік, өтімділік қағидаттарын ескере отырып, инвестициялық саясатты әзірлеу;

4) Қоғамның Есептік саясатына сәйкес қаржы құралдарының құнсыздануынан болған шығындарды жабуға арналған резервті қалыптастыру, инвестициялық портфель бойынша бухгалтерлік есепте сыйақыны есептен шығару, есептен шығаруды тоқтату, айыппұлдарды өсімпұл салу, қаржы құралдарын дебиторлық берешекке ауыстыру туралы шешім қабылдау;


5) мынадай ақпарат негізінде Қоғамды қайта сақтандыру жөніндегі саясатқа түзету енгізу қажеттілігі туралы шешім қабылдау:

5.1. қайта сақтандыру шарттары жасалған қайта сақтандырушылардың қаржылық жағдайын талдау;

5.2. соңғы бес жылда қайта сақтандырушылардан алынған төлемдерді талдау және сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандырудың орындылығын бағалау;

5.3. актуарий белгілеген меншікті ұстап қалу лимиттерінің барабарлығын талдау;

6) "stop-loss" және "take-profit" лимиттерін белгілеу қажет болатын қаржы құралдарының тізбесін бекіту. "Stop-loss" және "take-profit" лимиттері белсенді

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	6/17

нарық бар қаржы құралдары үшін, сондай-ақ тізбесін активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңес айқындайтын өзге қаржы құралдары үшін белгіленеді.

Біқтимал шығын немесе пайда аз болған немесе қаржы құралдарын, олардың нарықтық құнын немесе валюта бағамын сатып алған сәттен бастап өзгеріс салдарынан Қоғам активтерінің жиынтық құнының 5%-на тең болған жағдайда "stop-loss"/ "take-profit" лимитінің мәнін өзгерту жөніндегі мәселені қарау;

7) нәтижелері бойынша Басқарма мақұлдаған инвестициялық портфельдің кредиттік, пайыздық және валюталық тәуекелдерге ұшырауы туралы ТБҚ қорытындысын қамтитын ТБҚ инвестициялық тәуекел деңгейі туралы есепті тоқсанына кемінде бір рет мерзімді негізде тыңдау айқындалады:

- 7.1. Эмитент (контрагент) бойынша, өзара байланысты және (немесе) үлестес контрагенттер тобы бойынша кредиттік тәуекелдің шоғырлану деңгейі;
- 7.2. инвестициялық портфельдің кірістілік деңгейі;
- 7.3. ашық валюталық позиция және нетто валюталық позиция деңгейі, сондай-ақ көрсетілген тәуекелдерді төмендету шаралары бойынша шешім қабылданады;

8) ТБҚ тарапынан тоқсан сайын кемінде бір рет дайындалатын келесі ақпарат негізінде инвестициялық саясатқа түзетулер енгізу қажеттілігі туралы шешім қабылдау:

8.1. геосаяси жағдайға, инвестициялау валютасына және экономикалық секторға байланысты инвестициялық нарықтардың тартымдылық деңгейіне қатысты макроэкономикалық талдау;


8.2. эмитенттер мен олар шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына талдау, оның ішінде эмитенттің қаржылық жағдайы, активтер құнының өсу әлеуеті, қабылданған міндеттемелерді орындау қабілеті, осы эмитенттің қаржы құралдарына инвестициялау тәуекелдері бойынша талдау;

8.3. портфель құрылымы, табыстылықтың өзгеру динамикасы, шығынды позицияларды талдау және портфель құрылымын оңтайландыру бойынша ұсынымдарды қамтитын инвестициялық портфельді талдау;

8.4. келесі 12 (он екі) күнтізбелік айға сақтандыру сыйлықақыларының түсуін және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды, сондай-ақ ұйымның олардың басталу мерзімдері бойынша міндеттемелерінің құрылымын болжамды талдау;

8.5. өтімді активтерді жұмылдыру мүмкіндігінің өзгеруін ескере отырып, қолма-қол ақша бойынша гәп-позиция лимиттерін шолуды қамтитын гәп-талдау, оның ішінде міндеттемелерді өтеу үшін қажетті өтімді активтерді қалыптастыру мүмкіндігін мониторингілеу.

9) Қаржы құралдары бойынша «stop-loss» және «take-profit» лимиттерін бекіту үшін міндетті түрде белсенді нарығы бар қаржы құралдарының тізбесін айқындау – бұл қаржы құралдарымен операциялар бойынша шамадан тыс шығындардың алдын алу мақсатында, соның ішінде қаржы нарығындағы бағалардың күрт ауытқуына байланысты («stop-loss»), сондай-ақ қаржы

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	7/17

құралдарының нарықтық құнының төмендеу ықтималдығы арта түсетін баға мен кірістілік деңгейлеріне жеткен жағдайда («take-profit») қолданылатын жедел шара болып табылады.

10) Қоғамның қысқа және ұзақ мерзімді келешекте өз міндеттемелерін уақтылы әрі толық көлемде орындауын қамтамасыз ететін, бекітілген инвестициялық саясат негізінде инвестициялық портфельді қалыптастыру;

11) Қоғамның міндеттемелері оның меншікті капиталының 10%-нан аспайтын жағдайда инвестициялық шешімдерді қабылдау. Көрсетілген деңгейден асқан жағдайда шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды;

12) Төлемдерді басқару рәсімінің 11-тарауында көрсетілген лимиттерге сәйкес төлемдер бойынша шешім қабылдау;

13) Қайта сақтандырушының сақтандыру төлемдеріндегі үлесін төлеу бойынша аудару және (немесе) өзара есеп айырысу арқылы қайта сақтандырушы тарапымен өзара есеп айырысу мәселелері бойынша шешім қабылдау.

14) Дефолтқа жол берген эмитенттердің берешегін қайтару бойынша жұмыстарды жүргізуге қатысты шешімдер қабылдау.

11. Кеңес төрағасы:

1. Кеңестің жұмысын осы Ережеге және Қоғамның өзге де нормативтік және ұйымдастырушылық құжаттарына сәйкес ұйымдастырады;

2. Кеңес отырыстарын жүргізеді;

3. Кеңес отырысының күн тәртібін бекітеді;

4. Кеңес отырыстарының хаттамаларына қол қояды;

5) Қоғам активтерін инвестициялау бойынша жүргізілген операциялардың (мәмілелердің) нәтижелері бойынша (қаржы құралдарын түрлері бойынша топтастырып, баланстық, нарықтық құнын, кірістілігін, сатып алу және сату сомаларын көрсете отырып), Кеңес төрағасы Директорлар кеңесіне мерзімді негізде есептілікті ұйымдастырады немесе тиісті есепті дайындауды АПБД тапсырады. Аталған ақпарат негізінде директорлар кеңесі стратегиялық мақсаттарды түзету қажеттілігін айқындайды.

12. Кеңестің тұрақты мүшесі:

1. Кеңес отырыстарына қатысады, Кеңес күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысады;


2. Осы Ереженің талаптарын сақтау мен орындауға жауапты;

3. Кеңестің басқа мүшелерімен бірге Кеңес отырыстарында қабылданған шешімдер үшін жауапкершілікте болады;

4. Инвестициялық шешімді қабылдау (қабылдамау) бойынша «ерекше пікірінің» бар екенін көрсетуге және оны Кеңес отырысының хаттамасына енгізуді талап етуге құқылы.

13. Кеңес хатшысы:

1. Орындаушыдан Кеңеске мәселені ұсынуға қажетті құжаттар жиынтығын қабылдайды;

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	8/17

2. Кеңестің күн тәртібін қалыптастырып, оны бекіту үшін Кеңес төрағасына береді;

3. Кеңес мүшелерін алдағы отырыс туралы хабардар етеді;

4. Кеңес отырыстарына қатысушы тұлғалардың (немесе оларды алмастыратын тұлғалардың) есебін жүргізеді, шешім қабылдау үшін қажетті кворумның бар-жоғын бақылайды;

5. Кеңес отырыстарының хаттамаларын (Қосымша № Ф МАК 816-01) жүргізеді және Кеңес отырысынан көшірмелерді дайындап, қол қояды (Қосымша Ф МАК 816-02);

6. Отырыстардың хаттамаларының жобаларын дайындайды, оларды кейін Кеңестің отырыстарында бекітуге ұсынады, төрағамен бірге бекітілген хаттамаға қол қояды;

7. Инвестициялық шешімдер қабылдау рәсіміне қатысты құжат айналымын жүргізеді (күн тәртібі, хаттамалар, инвестициялық шешімдер және олардың қосымшалары). Іс номенклатурасының талаптарына сәйкес құжаттардың сақталуына жауапты және хаттамалар мен оларға қатысты материалдарды акт бойынша архивке тапсырады.

8. Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес отырыстары мен хаттамаларын тіркеу журналы қағаз тасымалдағышта және/немесе электрондық түрде МАК 816-03 қосымшасында көрсетілген нысан бойынша жүргізіледі;

9. қабылданған шешімдердің орындалуы туралы Кеңеске тұрақты негізде есеп береді.

10) Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңестің отырыстары мен хаттамаларын тіркеу журналын тоқсан сайын ТБҚ қағаз тасымалдағышта және/немесе Ф МАК 816-03 қосымшасында көрсетілген нысан бойынша электрондық түрде ұсынады;

14. Мәселені Кеңестің қарауына ұсынған қызметкер кеңесте мәселені қарау үшін қажетті 16-т. сәйкес Кеңес хатшысына құжаттар жиынтығын ұсынады.


15. Кеңес отырыстарына қатысу тәртібі:

1. Кеңес мүшелері барлық отырыстарға қатысуға міндетті, тек дәлелді себептер болған жағдайда ғана қатыспауына рұқсат етіледі;

2. егер Кеңес мүшесі отырысқа қатыса алмаса, ол бұл туралы себептерін көрсете отырып, Кеңестің хатшысын хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда Кеңес отырысына Қоғамның бұйрығына сәйкес жоқ қызметкердің міндетін атқаратын тұлға қатысады;


3. ұсынылған мәселе бойынша шешім қабылдау үшін Қоғамның жекелеген мамандандырылған бөлімшелерінің құзыретіне қатысты қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, тиісті бөлімшенің басшысы/қызметкері қажетті Кеңес беру және/немесе мәселенің мәні бойынша өз пікірін білдіру үшін Кеңес отырысына шақырылуы мүмкін.

5. Кеңес жұмысының регламенті


	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	9/17

16. Кеңес отырыстарын өткізу мынадай түрде жүзеге асырылады (Ф МАК 816-04 қосымшасы):

Әрекет	Құжаттардың атауы	Жауапты бөлімше	Кімге	Ұсыну мерзімі	Ескерту
Құжаттарды дайындау	1. Инвестициялық шешімге өтініш (Қосымша Ф МАК 816-05); 2. Инвестициялық шешім жобасы (Қосымша Ф МАК 816-06); 3. Салымдар портфелінің жай-күйі (Қосымша Ф МАК 816-07); 4. Ақшалай қаражат туралы мәліметтер (Ф МАК 816-08 қосымша) АПБД (жинақтау – бас маман, бақылау- АПБД директоры)	АПБД, (жинақтау - бас маман, бақылау – АПБД директоры)	Кеңес хатшысына	Кеңес отырысының алдындағы күн уақыты сағат 16.00-ге дейін	Өтінішпен бірге инвестициялық шешім жобасы ұсынылады. Кеңес отырыстары айына кемінде екі рет өткізіледі. Сонымен қатар, Кеңес төрағасы Кеңестің кезектен тыс отырысын шақыруға құқылы.
	5. Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшенің қорытындылары (бұдан әрі- қорытындылар Қосымша Ф МАК 816-10-)	ТБҚ	Кеңес хатшысына	Кеңес отырысының алдындағы күн уақыты сағат 16.00-ге дейін	Қорытындысыз шешім қабылданбайды
	6. Активтердің құнсыздануы жөніндегі мәселелер және резервтерді қалыптастыру жөніндегі есептер (еркін нысан)	АПБД, ТБҚ	Кеңес хатшысына	Кеңес отырысының алдындағы күн уақыты сағат 16.00-ге дейін	Осы мәселелер бойынша отырыс қажеттілігіне қарай өткізіледі
	7. Инвестициялық портфельді қайта құрылымдау мәселелері (еркін нысан)	АПБД, ТБҚ БЕКЕД		Кеңес отырысының алдындағы күн уақыты сағат 16.00-ге дейін	Қайта құрылымдау- қаржы құралын санаттар бойынша бөлу. Осы мәселелер бойынша отырыс

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	10/17

					қажеттілігіне қарай өткізіледі
Күн тәртібін дайындау және материалдарды Кеңеске жіберу	Кеңес үшін күн тәртібін және құжаттар топтамасын қалыптастыру	Орындаушы-Кеңес хатшысы, бақылау-АПБД директоры	Кеңес мүшелері	Кеңес отырысының алдындағы күн уақыты сағат 18.00-ге дейін	Кеңес төрағасының Кеңестің кезектен тыс отырысын жинауға немесе ауыстыруға құқығы бар басқа күнге арналған отырыс. Материалдар электронды түрде ұсынылады
Отырыс уақытын белгілеу	Күн тәртібіндегі қарар	Кеңес төрағасы (ол болмаған кезде Қоғамның бұйрығына сәйкес оның міндетін атқарушы тұлға)	Кеңес мүшелері	Бірден күн тәртібін қарармен алғаннан кейін	Электрондық түрде э-пошта арқылы. Егер мүше Кеңес мүшесі қатыса алмаса, ол хатшыны хабардар етуге міндетті
Материалдарды қарау және шешім қабылдау	1. Инвестициялық шешімге өтінімді және инвестициялық шешімнің жобасын қарау	Кеңес мүшелері			Инвестициялық шешім жобасына ескертулер болмаған жағдайда қол қойылады. Ұсыныстар немесе ерекше пікірлер болған кезде хатшы ұсынысты жобада және хаттамада тіркейді.
	2. Орындалған /	Кеңес			Шешімдерді

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	11/17

	орындалмаған шешімдер туралы есепті қарау	мүшелері			орындамаған кезде: 1. тәуелсіз себеппен, назарға алынады. 2. техникалық себеппен, одан әрі жол бермеу бойынша түзету әрекеттері қабылданады
	3. Басқа мәселелерді қарау	Кеңес мүшелері + құрылымдық бөлімшелер	Кеңес хатшысы	Материалдар	Басқа мәселелер бойынша шешім хаттамада көрсетіледі.
Шешім қабылдау процесінде хаттама жасау	Хаттама жобасы	Орындаушы-Кеңес хатшысы, бақылау-АЖПБД директоры		Нақты уақыт режимінде	Хаттаманың жобасы "қысқа" түрде жасалады, яғни қабылданатын шешімдердің мәні көрсетіледі.
Хаттама жобасын жасау	Хаттама жобасы	Орындаушы-Кеңес хатшысы, бақылау-АПБД директоры		Отырыстан кейін 2 күннен артық емес	
Хаттама жобасын жіберу	Хаттама жобасы	Орындаушы-Кеңес хатшысы, бақылау-АПБД директоры	Кеңес мүшелері		
Хаттамамен келісу	Хаттама	Кеңес мүшелері	Кеңес хатшысы	Алғаннан кейін 2 күннен артық емес	
Кеңес төрағасында хаттамаға қол	Хаттама	Кеңес хатшысы	Кеңес төрағасы	Отырыс өткізілгеннен кейін 3 күннен артық емес	

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	12/17

қою					
Мүдделі бөлімшелерге шешімдер бойынша үзінді көшірмелер жіберу	Үзінді көшірмелер	Орындаушы-Кеңес хатшысы, бақылау-АПБД директоры	Мүдделі бөлімшелерге	Отырыс өткізілгеннен кейін 3 күннен артық емес	
Архив үшін құжаттарды қалыпт астыру	Қағаз тасымалдағыштағы құжаттардың түпнұсқалары	Орындаушы-Кеңес хатшысы, бақылау-АПБД директоры		Хаттамаға қол қойылғаннан кейін 3 күннен артық емес	

Инвестициялық және өзге де шешімдерді жедел қабылдау мақсатында бастамашы бөлімшесі жоғарыда аталған құжаттарды электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы келісуге жібереді. Электрондық құжат айналымының тәртібі «МАК» ӨСК» АҚ Басқармасы бекіткен «Инвестициялық қызмет» рәсімінде регламенттелген. Хаттамаға қол қою мерзімдерін бұзғаны үшін АПБК мүшелерінің әрқайсысы жауапты болады.

6. Шешімдерді қабылдау және ресімдеу тәртібі

17. Кеңес отырысында қаралады:


- 1) АПБД өтінімдері және ТБҚ қорытындылары;
- 2) инвестициялық қызметке байланысты басқа да мәселелер, шығыс қайта сақтандыру мәселелеріндегі төлемдер және қоғам қызметі, активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі мәселелер.

18. АПБД өтінімінде келесі ақпарат бар, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) жасасуға ұсынылатын мәмілені жасасудың мақсаты;
- 2) осы құралдың түрін, көлемін, баға диапазонын, кірістілік деңгейін және басқа да сипаттамаларын (шарттарын) көрсете отырып, қаржы құралының сипаттамасы.

19. ТБҚ қорытындысында келесі ақпарат бар, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) жасалатын мәміленің активтер бойынша кірістердің болжамды өзгеруіне әсері;
- 2) осы қаржы құралын сатып алуға байланысты тәуекелдер;

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	13/17

3) жасалатын мәміленің уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтердің және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттердің мәндерінің өзгеруіне әсері;

4) инвестициялық шешімнің ұсынылған нұсқалары.

20. Шешімдерді кеңес отырыстарда дауыс беру арқылы қабылдайды. Кеңес шешімдерді қабылдауға оның отырысына оның мүшелерінің кемінде 3/5 бөлігі қатысқан жағдайда, міндетті түрде қатысқан және Кеңестің төрағасымен не Қоғамның бұйрығына сәйкес оның міндетін атқарушы тұлғамен басқарған жағдайда ғана құқылы. Мәселелерді жұмыс тәртібімен қарау кезінде демалыста, іссапарда болмаған немесе сырқаттануына байланысты болмаған Кеңес мүшелерінің әрқайсысы дауыс беруге тиіс.

21. Аталған кеңестердің шешімдері мүшелердің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады және жазбаша түрде ресімделеді.

22. Қабылданатын шешімдердің түрлері:

1) инвестициялық шешім-құралдарды орналастыруға, толықтыруға, сатып алуға, сатуға байланысты мәселелерді қамтиды;

2) Кеңестің шешімі – қаржы құралдарының құнсыздануынан болған шығындарды жабуға арналған резервті қалыптастыру, инвестициялық портфель бойынша бухгалтерлік есепте сыйақыны, өсімпұлдарды, айыппұлдарды есептен шығару, есептен шығару, қаржы құралдарын проблемалы эмитенттермен, төлемдермен дебиторлық берешекке ауыстыру және инвестициялық шешіммен байланысты емес басқа да мәселелер бойынша байланысты мәселелерді қамтиды.

23. Егер Кеңес өзінің тұрақты мүшесін мүдделі тұлға деп тануға болатын мәмілені қараса, ол бұл туралы Кеңестің басқа тұрақты мүшелеріне дереу хабарлауға міндетті.

24. Кеңестің қабылданған шешімі қабылдау процесін көрсетумен және оның негізінде шешім қабылданған құжаттарды қоса берумен хаттамаланады:

1) қаралатын мәселелердің тізбесі мен сипаттамасы;

2) шешім қабылдау үшін кеңеске ұсынылған құжаттар тізбесі;

3) әрбір қаралатын мәселе бойынша дауыс беру қорытындылары;

4) негіздемесі бар мүшелердің пікірлері, оның ішінде олар қабылданған шешіммен келіспеген және "ерекше пікір" болған жағдайда.


25. Хаттамаға және оның үзінділеріне АПБК мүшелерімен келісілгеннен кейін төраға (немесе Қоғамның бұйрығына сәйкес оның міндетін атқарушы тұлға) және Кеңес хатшысы қол қояды және үш жұмыс күні ішінде Кеңестің тұрақты мүшелеріне беріледі ("Кеңес жұмысының регламенті" 5-тарауына сәйкес). Үзінді көшірмелер осы мерзімдерде жұмыс істеу және мәлімет алу үшін мүдделі бөлімшелерге жіберіледі.

26. Инвестициялық шешім мыналарды қамтиды:

1) нвестициялық шешімнің қабылданған күні мен нөмірі;

2) жасалуы тиіс мәміленің түрі;

3) мәміле жасалуы тиіс қаржы құралының сәйкестендіргіші;

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	14/17

4) жасалуы тиіс мәміленің көлемі, бағасы және сомасы (көлем, баға және сома ауқымы);

5) мәміле жасау мерзімдері;

6) мәміле жасау болжанатын нарық түріне (бастапқы немесе қайталама, ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған, халықаралық нарықтар) нұсқау;

7) мәміле жасау болжанатын делдалдың (брокердің) атауы (бар болса);

8) активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңестің қандай да бір мүшесінде инвестициялық шешім қабылдауға (қабылдамауға) қатысты ерекше пікірдің болуын көрсету;

9) инвестициялық шешім қабылдаған АПБК мүшелерінің қолдары.

27. Хеджирлеу құралдарымен мәміле жасауға арналған инвестициялық шешім мыналарды қамтиды:

1) Инвестициялық шешімнің қабылданған күні мен нөмірі;

2) жасалуы тиіс мәміленің түрі;

3) хеджирлеу операциясын және осы құралдың басқа да сипаттамаларын (шарттарын) жасауға жоспарланып отырған хеджирлеу құралының түрін, оны жасау мерзімін, көлемін, құнын (сыйлықақысын), нарығын көрсете отырып, оның толық сипаттамасы.

4) осы хеджирлеу құралын қолданудан күтілетін нәтижелер;

5) хеджирлеу объектісінің (базистік активтің) түрін (пайыздық, баға, валюталық және т. б.), сондай-ақ оны бағалау әдісін көрсете отырып, оның тәуекелін бағалау;

6) қажетті деректемелерді көрсете отырып, хеджирлеу объектісі (ұлттық сәйкестендіру нөмірі, саны, құны, көлемі, валютасы);

7) осы операцияны жасау хеджирлеу объектісі бойынша ықтимал залалдардың (табыстың алынбауының) мөлшерін азайтуға әкелетінін растайтын есеп;

8) мәміле жасау болжанатын делдалдың (брокердің) атауы (ол болған кезде);


9) Кеңестің қандай да бір мүшесінде инвестициялық шешім қабылдауға (қабылдамауға) қатысты ерекше пікірдің болуын көрсету;

10) инвестициялық шешім қабылдаған АПБК мүшелерінің қолдары.


28. Активтер мен міндеттемелерді басқару департаменті орындалуына қарай активтер мен міндеттемелерді басқару жөніндегі Кеңестің отырысына өткізілген инвестициялық мәмілелер туралы ақпарат береді.

7. Орындау тиімділігін бағалау бизнес процесі және қабылданған шешімдер

№ Р/Н	Көрсеткіші	Көрсеткіштің орындалуын бағалау критеріі	Көрсеткіш тің орындалуын	Көрсеткіш тің орында луын	Бағалауды өткізу фактісі
----------	------------	--	--------------------------------	---------------------------------	--------------------------------

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	15/17

			бағалауды өткізетін жауапты тұлға	бағалау жиілігі	және нәтижелер құжаты
1.	Кеңестің шешім қабылдауы үшін ұсынымның толықтығы	1. Осы Ереженің талаптарына сәйкестігі 2. Келісуші тұлғалар тарапынан ескертулердің болмауы	АПБД директоры, Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі - ІАҚ)	Жыл сайын келісу процесінде, аудиторлық тексеру жоспарына сәйкес	Ұсыныс
2.	АПБК хаттамасының дұрыстығы	Осы Ереженің мазмұнының уақтылығы мен талаптарына сәйкестігі	АПБД Директоры	келісу процесінде	
			ІАҚ	Атқарылған жұмыс туралы жауапты бөлімшенің есебін тыңдау кезінде	Аудит бойынша есеп
3	Инвестициялық шешімнің толықтығы	АПБК қаулысында көрсетілген мәміле параметрлерінің іс жүзінде қабылданған инвестициялық шешімге сәйкестігі	АПБК, ІАҚ хатшысы	Тұрақты	Аудит бойынша есеп
4	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңестің отырыстары мен хаттамаларын тіркеу журналындағы жазбалардың қағаз	Инвестициялық шешімді орындау мерзімдерінің Кеңес бекіткен мерзімдерге сәйкестігі. Мәмілелер жасау процесінде қабылданатын шешімдердің параметрлерін	АПБК хатшысы	тұрақты	Инвестициялық шешімдерді тіркеу журналы

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	16/17

	тасығышта және/немесе электрондық түрде толықтығы мен дұрыстығы	сақтау			
5	Инвестициялық портфельдің табыстылығы	Портфель бойынша бекітілген кірістілік нормасына сәйкестігі	АПБД Директоры	Аптасына бір рет	Инвестициялардың кірістілігі туралы есеп
6	Әртараптандыру нормалары	Әртараптандыру нормаларын сақтау	ТБҚ	күнделікті	Әртараптандыру нормаларын сақтау жөніндегі есеп
7	Қабылданатын шешімдердің нәтижелілігі	Кезең қорытындысы бойынша көрсеткіштерге қол жеткізуді бағалау	АПБД директоры, АПБК хатшысы	жыл сайын	АПБК қызметі туралы есеп

8. Қорытынды ережелер


29. Кеңес туралы Ереже Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

30. Осы Ережеге Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі.

31. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе Қоғам Жарғысын өзгерту нәтижесінде осы Ереженің жекелеген баптары қайшы келсе, Ереже әрекеттегі заңнамаға және Қоғам Жарғысына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

32. Осы Ереже Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

Келісу кестесі

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні «__» _____ 2024 ж.	Басылым: үшінші
	Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі Кеңес туралы ереже	Е МАК 816	17/17

Көшірме	Код	Басылым	Өзектендіру үшін жауапты	
	Е МАК 816	үшінші	М.М. Сапаров	
			күні	күні

Норматив. мерзімі	Келісуге келіп түскен күні	Т. А. Ә.	Келісу нәтижесі	
			Мақұлданды	
			күні	қолы
3 дня		А. Т. Бексеитова		ЭЦҚ
3 дня		Ж. К. Абуова		ЭЦҚ
3 дня		Ә. Б. Абдрашева		ЭЦҚ
3 дня		Р. К. Самбаев		ЭЦҚ
3 дня		В. В. Шевченко		ЭЦҚ